

Мәслихаттың 2014 жылғы 28 ақпандағы № 157 "Қостанай облысы Жангелдин ауданының Милісай ауылында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихаттың 2017 жылғы 18 мамырдағы № 103 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 7 маусымда № 7094 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихаттың 2020 жылғы 13 наурыздағы № 283 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихаттың 13.03.2020 № 283 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Жангелдин аудандық мәслихаты

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың 2014 жылғы 28 ақпандағы № 157 "Қостанай облысы Жангелдин ауданының Милісай ауылында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4590 тіркелген, 2014 жылғы 24 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Қостанай облысы Жангелдин ауданының Милісай ауылында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидаларында:

2 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Милісай ауылының аумағындағы ауыл тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі .";

8 – тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Милісай ауылының тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Жангелдин аудандық мәслихатымен бекітілген сандық құрамына сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

*Жангелдин аудандық
мәслихатының хатшысы*

КЕЛІСІЛДІ

Жангелдин ауданының

Милісай ауылының әкімі

K. Ордабаев

C. Нургазин

_____ А. Талпақов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК